

Орталықтандырылған және директивті кредиттер жөніндегі берешекті ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау жөніндегі мемлекеттік қорға беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 14 желтоқсан N 1719

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен оның қызмет көрсетуші ұйымдарының өзара берешегін реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау жөніндегі мемлекеттік қоры Ұлттық банкпен бірлесе отырып, аталған қорға бұл жөніндегі өтеу мерзімі 1995 жылғы 1 наурызда біткен ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің орталықтандырылған және директивті кредиттер жөніндегі берешегін беруді жүзеге асырсын.

2. "Ауылшармаш", "Кең дала", "Өнім", "Қазагрожөнмаш" акционерлік компаниялары, "Қаззооветжабдықтау" республикалық бірлестігі, "Құнарлылық" мемлекеттік акционерлік компаниясы, бұрын "Тағам" мемлекеттік акционерлік компаниясының құрамына кірген кәсіпорындар көрсетілген қызмет және алынған материалдық-техникалық қаржы үшін ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің берешегін салыстыруды 1995 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша жүзеге асырсын және 1995 жылғы 1 желтоқсанға дейін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау жөніндегі мемлекеттік қорға ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің қарыздары шегінде аталған қорға орталықтандырылған және директивті кредиттер мен оларға есептелген проценттер жөніндегі қайырылмаған берешектерді қайта хаттау бойынша ұсыныс енгізісін.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі Ұлттық банкпен бірлесе отырып, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығын Қаржылай қолдау жөніндегі мемлекеттік қорға осы берешекті ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер үшін белгіленген тәртіппен беруді жүзеге асырсын.

3. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі осы қаулының 1 және 2 тармақтарына сәйкес бүкіл қайта хатталған пайдаланылған кредит берешегі мен олардың проценттерін "Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау жөніндегі мемлекеттік қорға меншіктің барлық нысанындағы ауыл шаруашылық тауарларын өндірушілерге берілген кредиттер бойынша қарыздарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 6 наурыздағы N 224 P950224_ қаулысында (

Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1995 ж., N 8, 87-бап) көзделген мерзім мен жағдайда жабуды қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК